



9 қаңтар, бейсенбі 2025 жыл

Сыр бойы

№2 (20878)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi.kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдыны қабылдады.

Кездесу барысында Дархан Сатыбалдының Түркістан облысында атқарған жұмысына жоғары баға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары лауазымы басқару процесі мен аймақтар арасындағы ықпалдастықты жетілдіру, өзінің тапсырмалары мен шешімдерінің жергілікті жерде орындалуы барысына бақылауды күшейту, сондай-ақ қабылданған шаралардың сапасын жақсартып, азаматтардың мемлекеттік институттарға сенімін нығайту мақсатында енгізіліп отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасарына нақты міндеттер жүктелді.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президентке Агенттік төрағасы ведомствоның бақылау функцияларын орындауы жөнінде, оның ішінде былтыр қабылданған монополияға қарсы шаралардың нәтижелері туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі тауар нарықтарында шоғырлану деңгейін төмендету және «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа сәйкес жекешелендіру бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндалды. Агенттік монополияға қарсы 97 істі тергеп-тексеруді аяқтады.

Марат Омаров бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2025 жылға арналған жоспарды таныстырды. Монополиялық нарықтардағы бағаға бақылауды күшейту, тергеп-тексерулер мен нарықты талдаудың тиімділігін арттыру үшін заңнамаға тиісті өзгерістер әзірленді.

Агенттіктің цифрлық экжүйесін құру мен дамыту жоспарларын отыр. Бұл жасанды интеллект технологияларына негізделген ақпараттық-сараптамалық жүйені, цифрлық портал мен талдау құралдарын қамтиды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Марат Омаров Қазақстан футбол федерациясының президенті ретінде отандық футболдың әлеуетін көтеру және еліміздегі балалар мен жасөспірімдер спортына қолдау жоспарын таныстырды.

Кездесу соңында Президент бәсекелестікті дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді.

АГЕНТТІК ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлімановты қабылдады.

Президентке ведомствоның 2024 жылы атқарған жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Мемлекет басшысына 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспардың іс-шараларын жүзеге асыру көлеміне экономика деңгейін 1,3 пайызға төмендетуге мүмкіндік бергенін баяндады.

Атап айтқанда, Агенттік 1312 қылмыстық істі тергеп-тексеруді аяқтап, нәтижесінде 236,8 миллиард теңгенің залалын өтеді. Қылмыстық жолмен табылған 152,3 миллиард теңге кіріс тәркіленді.

Сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты 20 және трансұлттық топпен байланысты 1 сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. 42 қаржы пирамидасы жойылып, алаяқтық схемаларды жарнамалайтын 15 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталды, мессенджерлердегі 327 чат жабылды. Осылайша 2 миллионнан астам азаматтың қаржылай шығынға ұшырауына жол берілмеді.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желілердегі 41 онлайн құмар ойын алаңы, астыртын жұмыс істейтін 30 ойын залы, казино мен букмекерлік кенсе әшкереленді. 11,7 мыңнан астам онлайн-казино сайтына кіруге тосқауыл қойылды.

Агенттік қызметкерлері 120 миллиард теңге көлеміндегі негізгі бюджет шығындарының алдын алып, зансыз крипто алмастырушы арқылы қылмыстық кірістерді заңдастыруға ниеттенген 36 әрекеттің жолын кесті.

Президентке Қазақстан, Беларусь және Ресей мемлекеттерінің қаржы барлаушылары бірлесіп жүргізген арнайы операцияның қорытындысы туралы есеп берілді. Оның нәтижесінде үш ауқымды «наркшопп» жабылып, 35 наркочилер ұсталған. Жалған қаржылық операциялар мен мәмілелер жасаған 1787 заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған, сондай-ақ террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуға 1,2 мың әрекет анықталып, бұғатталған.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

/// ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

МАҚТАН ҮШІН АС БЕРУ – АСТАМШЫЛЫҚ



Коллаж К. Оразбаев

Кісісі қайтқан үйде отырмыз. Құран оқылған жерде мұсылманның тізе бүгіп, қол жаю әдебінен асып кете алмаймыз. Бар ойымыз – қазан-ошақтың басындағыларға салмақ салмау, ол жерде көп бөгелмеу. Бірақ үлкендер жағы қоярда-қоймай «жоғары шығындармен» ойымызды өзгертіп, келіспеске мүмкіндік қалдырмады. Сол аралықта табақ-табақ ет әкелініп, ер кісілер турауға кірісті. Жиналған жұрт табаққа қол салып, асқазанға ел қонғасын, әр тұста күбір-күбір әңгіме басталды. Біреулер қарқылдап күліп те алды. Енді біреулер «неңің еті екен, жылқы сойып па, сиыр сойып па?» деп талқылап жатыр. Ең қызығы, соны айтып отырған – дап-дардай еркектер. Жалпы, біз өзімізді қай жерде қалай ұстауды, қалай сөйлеуді біле бермейді екенбіз деп топшыладым.

Ал ас беру кезіндегі ысырапшылық – өз алдына бөлек әңгіме. Оның дұрыс еместігін имамдар бір кісідей-ақ айтып келеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2020 жылы «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдады. Сонда: «Құдайы асқа арнап мал сою міндет емес. Өйткені құдайы аста жиналған адамдарды тойдыру шарият талабына да, мақсатына да жатпайды. Ең бастысы, ас берушілердің және оған қатысушылардың ниеті таза болуы тиіс. Құдайы аста кәде (сыйлық, тәбірлік, жыртқыс және тағы басқа) таратуды шарият талап етпейді. Оған жұмсалған қаржыға шын мұқтаждардың қажетін өтеу әлдеқайда сауапты» деп анық көрсетілген.

Бұл қасиетті Құранда («Аграф» сүресі, 31-аят) да бар: «... ішіндер, жәндер, алайда ысырапқа жол бермендер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді сүймейді». Құдайы ас берудің өзіндік әдебі мен тәртібі еліміздің кейбір өңірлерінде бұрыннан қалыптасқан. Алайда, онтүстік жақ, оның ішінде біздің облыс о жағынан ұятты. Мақтаншылық пен астамшылықтан әрі аса алмай жүрміз. Көңіл айта барған жерде дастарқанның шеті майысып тұрады. Бір әріптесіміз жаканды өмірден өткен ағасының бейсенбілікке жүзден астам адам шақырып, жарты миллион теңгеден көп қаражат жұмсағанын жеткізді. Бұл – барыныша үнемдегендегі мысал. Тіпті несие алып, ас бергендерді де көз көрді. Байлар барын шамады, қалтасы жұқа адамдар одан қалғасы келмейді. Әйтеуір, таусылмайтын жарыс. Мал сою, базар аралап, керекті түгендеу, қазан-ошақтың айналасынан шықпау – мұның бәрі адамға қайғыруға мұрша бермейді.

4-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

АТАУЛЫ ЖЫЛДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Жұмысшы мамандықтар жылын» өткізу шаралары мен Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Жыныға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен аталған мәселелер бойынша міндеттер айқындалған мәжіліс өтті. Қызылорда қаласы, аудан әкімдері мен жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Осыған орай, облыстық іс-шаралар жоспары мен комиссия құрамы бекітілді. Жоспарды жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 899,9 млн теңге қаралды. Бұл қаржы колледждерді күрделі жөндеуге, материалдық-техникалық базаларын жабдықтауға, мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашуға, «Кәсіби бағдар беру педагогі» штат бірлігін енгізуге және жұмысшы мамандықтарын дәріптейтін түрлі шараларды жүзеге асыруға бағытталды.

2-бет

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМНЫҢ КӨЛЕМІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Биылдан бастап жеке тұлғалар міндетті декларация тапсырудан босатылады. Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауына, ендігі кезекте талдау критерийі өзгереді, енді аударым саны ғана емес, оның жалпы көлемі де ескеріледі.

Комитеттің мәлімдеуінше, кәсіпкерлік қызметке қатысы бар критерийге сәйкес келетін жеке тұлғалардың шотындағы операцияларды екінші деңгейлі банктер бақылауға алуға тиіс. Сондай критерийдің бірі – үш ай ішінде 100 жеке ордан да көп, әртүрлі тұлғадан бизнеске арналмаған жеке шотқа сомасы 3 төменгі жалақыдан асатын аударымдардың келіп түсуі. Бұл – шамамен 255 мың теңге.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ АРТАДЫ

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының қаржыландыру көлемі артады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының көптен күткен жаңалығы – 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері ұлғаяды. Қолданыстағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес 1 студентті даярлау үшін бөлінетін қаржының орташа мөлшері 437 мың теңге еді, ол енді 912 мың теңге болады. Төлемдер нақты көрсеткіштерге қол жеткізген колледждерге беріледі. Жаңа қаржыландыру жүйесі бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға, білім ұйымдарына заманауи материалдық-техникалық құралдармен жабдықтауға және педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

TURKICKILLS ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Биыл түркітілдес елдер арасында болашақ жұмысшы мамандар арасындағы алғашқы Turkickills чемпионаты өтеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Үкімет отырысында мәлім етті.

– Биыл түркітілдес елдер арасында болашақ жұмысшы мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған алғашқы Turkickills чемпионатын өткізу жоспарлануда.

Бұл іс-шараның түпкі мақсаты – әртүрлі саладағы үздік тәжірибелерді анықтап, экономикасы тығыз байланысты мемлекеттермен инновациялық шешімдер алмасу, оларды өндіріске енгізуге жол ашатын алаң құру, – деді ол.

Министрдің сөзінше, аталған чемпионатқа ТҮРКСОЙ ұйымының мүшелері қатысады.

Ақпарат көздерінен

/// СЕССИЯ

БІРҚАТАР ҰСЫНЫС ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың XIX сессиясы өтті. Күн тәртібінде «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағын беру, ономастика комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы мәселелер талқыланды. Сессияға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов қатысты.

Сессияда сөз алған облыс әкімі Жаңа жыл халқымыз, аймағымыз үшін берекелі жыл болуына тілектестік білдірді.

– Өздеріңізге белгілі, жыл сайын Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына үлес қосқан лайықты азаматтарымызды «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағына ұсынып, өз-

деріңізбен келісеміз. Аталған тұлғалардың барлығы өздеріңізге таныс. «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағына лайық деп есептейміз. Барлығы да мол тәжірибесімен, біліктілігімен Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, өңірдің дамуына ерекше үлес қосқан, еңбек сіңірген. Ұсынылған кандидаттарды қолдағандарыңызға алғысымды білдіремін, – деді Н.Нәлібаев.

2-бет

АТАУЛЫ ЖЫЛДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАР

Колледждерге кәсіпорындардан өндіріс шеберлерін тартуды, шетелдіктерді жергілікті кадрлармен алмастыруды ұйымдастырыңыздар. Бөлінген қаражат мақсатты әрі тиімді жұмсалуды керек.

Ірі кәсіпорындардың орта бизнес өкілдерінің қатысуымен токсан сайын бос жұмыс орындары жәрменкелерін өткізуді тапсырамын. Жұмысшы және орта буын мамандықтары бойынша білім алуға ниетті 9-сыныпты бітірушілерді 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту үшін 5308 орын мемлекеттік тапсырыс бөлуге құжат әзірленді. Колледждерді үздік бітіруші 100 студентке тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама беру үшін өңірдің ірі кәсіпорындарымен арнайы келісімді үйлестіріңіздер.

Қоғамда еңбек адамна деген құрметті дәріптеу, жұмысшы мамандықтарын насихаттау, беделін көтеру, жастардың қызығушылығын арттыру бағытында Мемлекет басшының, Үкіметтің берген барлық тапсырмалары толық орындалуы қажет, – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, өңірде 28 колледж 97 мамандық, 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті кадрлар, оның ішінде, 19 колледжде 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярланады.

Бүгінде жобалық кеңсе, аймақтық штаб құру, «Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында «Жұмысшы мамандықтар жылының» салтанатты ашылуын ұйымдастыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Басты мақсат – техникалық және кәсіптік білім беру саласын трансформациялау, колледждерді салаландыру, дуальды оқыту, модульдік білім беру, халықаралық стандарттарға сай, еңбек нарығына қажетті, сұранысқа ие жұмысшы мамандар даярлау. Бұл аймақтағы кәсіптік білім беру деңгейін арттырады.

1-бет

БІРҚАТАР ҰСЫНЫС ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 63 шешімімен «Облыстың, (қаланың, ауданның) Құрметті азаматы» атағын беру қағидасы бекітілген. Аталған қағидаға сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, қоғамдық өмірдің басқа да салаларының дамуына, қайырымдылық жасау қызметінде, азаматтарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде, бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтуға қомақты үлес қосқан азаматтарға «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы облыс әкімінің ұсынысымен, облыстық мәслихаттың шешімімен беріледі.

Бүгінде осындай азаматтарды ардақтап, құрмет көрсету дәстүрге айналды. Осы уақытқа дейін 70 адам «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағына ие болған.

Мәслихат сессиясында қоғамдық даму басқармасының басшысы Р.Қаюпов облыстық ономастика комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы хабарлама жасады. Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен «Облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгілік ережеге» сәйкес «Облыстық ономастика комиссиясының кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, комиссия құрамы жаңа редакцияда жазылып, оны бекіту ұсынылды.

Сессияда Парламент мінберінде еліміздің өзекті мәселелерін көтеріп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға аянбай еңбек етіп жүрген Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов қатысушыларды Жаңа жылмен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

1-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ДАҢҒЫЛ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбеновпен бірге «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді.

Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгеті нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7 шақырымы қайта жаңғыртылуда.

Мердігер мекеме «УАД» ЖШС бұған дейін 1,2 шақырым кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды және 1,2 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды.

Бүгінде қосымша жер телімдерін сатып алу қажеттілігі туындап, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Аймақ басшысы даңғыл көлік қатынасы мен жаяу жүргіншілерге ұзақ жыл қызмет етуі үшін құрылысты сапалы жүргізіп, межеленген уақытта



бітіру керек екенін ескертті.

Еске салайық, өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд 703 млн теңге бөлінді, 300 шақырымнан астам жол жөнделді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асты.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жалғасуда.

Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жұмыстар қарқынды жүруде. Жоба биыл толық аяқталады.

/// САПАР

МАҚСАТ – ТҮРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.

Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес қалалық және аудандық полиция бөлімдеріндегі кіші жедел басқару орталықтарын қаржыландыру жүктелген болатын.



Облыс әкімдігі өңірдің 7 аудандық полиция бөліміндегі Жедел басқару орталығын құруға қаржы бөлді. Бұл қаржыға ақпараттарды қабылдау мен тіркеуді автоматтандыратын, қоғамдық орындарда тәртіпті бақылайтын 77 бейнекамера, жол қозғалысы ережелерін бұзғандарды автоматты түрде анықтайтын 7 стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы сатып алынған, оған қоса «ЖБО 2.0» бағдарламасы да қамтамасыз етілген.

Аудандағы Жедел басқару орталығында бейнекамералар пилоттық режимде жұмысын бастады. Мердігер мекеме стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылар мен «ЖБО 2.0» бағдарламасын іске қосу үшін тексеру жүргізуде.

Аталған орталықтың басты мақсаты – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осыны атап өткен аймақ басшысы тексеруді толыққанды жүргізуді тапсырды.

АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРА ҒИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы аудандық прокуратурасы ғимаратының ашылу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров және зиялы қауым өкілдері, кент тұрғындары қатысты.

– Бүгін өздеріңізбен бірге Әйтеке би кентіндегі аудандық прокуратура ғимаратының ашылуына куә болудамыз. Бұған дейін прокуратура қызметкерлері аудан орталығынан ғимарат жалға алып, пайдаланып келді. Енді, міне, суәлетті, заман талабына сай, жаңа ғимаратқа ие болды.

Прокуратура қызметкерлері еліміздегі конституциялық тәртіп пен заңдылықты сақтауға, азаматтардың құқықтарын қорғау мен заңсыздықтарды жою жолында бар күш-жігерін жұмсап, қызметтерін адал атқара беруді деп сенемін. Баршаның да аудандық прокуратура ғимаратының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Әділетті

Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға адал еңбекпен, бекем бірлікпен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Жаңа жыл әр шаңыраққа бақ-береке әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада ауданның өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлері мен қалалық және аудандық мамандары марапатталды. Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров рәсімге келушілерді құттықтады. Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

Айта кетейік, Қазалы ауданында экономиканың барлық саласында тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. Айтулы істер мен жарқын жобалар жүзеге асты.

Өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд 800 млн теңге болса, жыл қорытындысымен 18 млрд 946 млн теңгеге жетіп, 70 пайызға өсті. Бұл қаржы тұрғындардың өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталуда.

Қазан айында елдің тұтастығын, береке-бірлігін, ынтымағын ту етіп көтерген тарихи тұлғалар Әйтеке бидің 380 жылдығы мен Жанқожа Нұрұхаммедұлының 250 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сол кезде 148 отбасыға жаңа баспана кілті табысталып, «Әмір Арена» спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілді, Абай ауылы «көгілдір отынға» қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жаңқожа батыр ауылында 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде. Алдағы ақпан айында пайдалануға беріледі. Ал «Руханият» орталығы сәуір айында ел игілігіне айналмақ. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорт кешені және «Май-дақол» ауылында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде. «Кәукей» ауылындағы 100 орындық клуб өткен аптада іске қосылды.

Быттыр ауыл арасындағы, елді мекенішілік жолдардың жағдайын жақсарту бағытында бірқатар жұмыс жасалды. Бүгінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 88,2 пайызға жетті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ» – БІРЕГЕЙ ЖОБА

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Жыл соңында «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасы аясында шағын және орта кәсіпкерліктің 14 жобасы мемлекеттік грантқа ие болды. Осы ретте қаладағы төрт кәсіпкерлік нысан жұмысымен танысып қайттық.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Қаюповтың айтуынша, әртүрлі қаржы көздерінен 70,5 млрд теңгеге төрт мыңнан астам жеке кәсіпкерлік жобасы қаржыландырылды. Оның 69 млн 130 мың теңгесі «Бір ауыл – бір өнім» жобасын іске асыру аясында өткен конкурстың 14 жеңімпазына қайтарымсыз грант беруге жұмсалды. Айта кету керек, Қызылорда қаласында 10 әлеуметтік кәсіпкер грант иегері атанса, қалған жеңімпаздар Арал және Шиелі аудандарынан.

ТІГІН ЦЕХЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ТІРЛІК

Алғашқы нысан – «Саңыраулардың оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС «Ақжүрек» тігін



цехы. Кәсіп иесі Орынқұл Оразбаеваның айтуынша, 16 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ол 5 млн теңге грант алып, бүгінде бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

– Бұл кәсіпті қолға алуыма кенже ұлым мен келінім сеп болды. Олар туа бітті ести де, сөйлей де алмайды. Сондықтан біз отбасымызбен есту қабілеті нашар адамдар жұмыс істей алатын кәсіпорын ашуды мақсат еттік. Алғашқы жылдары «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы үш рет жеңілдікпен несие алдық. Сол қаражатқа барлық қажетті жабдықтар мен шикізаттарды сатып алып, сапалы өнім шығара бастадық, – деді тігін цехының жетекшісі.

Қазір кәсіпорын қызметкерлері арнайы киімдер мен қолғаптар, орындықтарға арналған әдемі әрі ыңғайлы жапқыштар тігеді. Тігін цехында 25 адам жұмыс істейді, оның 20-сы – есту қабілеті нашар адамдар. Жалақы көлемі тапсырысқа қарай тұрақты беріледі. Кәсіпкер алдағы уақытта өндірілетін өнім көлемін ұлғайтуды және қызметкерлер жалақысын көтеруді жоспарлап отыр.

«НӘТІЖЕНІҢ» НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСЫ

Екінші нысан – екі жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Нәтиже» нейропсихологиялық орталығы. Орталық басшысы Гүлмаржан Оспанова 4,7 млн теңге грант иеленіп, балаларға емдеу және түзету жұмыстарын жүргізу үшін қажетті медициналық жабдықтар сатып алған.

– Біз күніне 44 баланы қабылдаймыз. Әр балаға жеке уақыт бөліп олардың ойлау қабілетін дамытуға жұмыс жасаймыз. Әр сабақ 40 минутқа созылады, өйткені баланың назарын ұзақ уақыт бақылауда ұстау қиын екені ғылыми дәлелденген. Балалармен төрт



маман жұмыс істейді. Қызметкерлеріміздің кәсібилігіне көп көңіл бөлеміз. Сондай-ақ тәжірибелі дәрігерлерді үнемі шақырамыз. Біздің қызметкерлер нейропсихология саласындағы барлық жаңа тенденцияларды зерттеп, әртүрлі оқыту семинарларына қатысады, – деді орталық басшысы.

«ARAY KIDS» ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Бұл орталықта су процедуралары арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Орталық басшысы Ақбота Аруова 4,8 млн теңге грантты арнайы бассейнге сатып алуға жұмсаған. Орталық ақпан айында ашылды. Мұнда он адам жұмыс істейді. Олар күніне 40-қа жуық баланы қабылдап, оларға гидромассаж процедурасын жүргізеді. Әлеуметтік осал топқа жататын отбасынан шыққан балалар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

– Біздің орталықтың ашылғанына көп

болмаса да келушілер қатары ұлғайды. Қазір баланы ойлау қабілетін дамыту үшін жұмыс істеп жатқан бірнеше орталық бар. «Арау Kids» дамыту орталығының ерекшелігі – мұнда гидромассаж процедурасы, денесінің белгілі бір бөлігіне су толқынды арқылы массаж жасалады. Аталған процедураның бір сеансы 30-40 минутқа созылады. Жалпы, одан бөлек



логопедиялық жаттығу түрлері, 1 және 7 жас аралығындағы балаларға арналған бассейн, парафинотерапия процедуралары бар. Сонымен қатар невропатолог және психолог мамандардан кеңес алуға болады. Болашақта жеке бренд қалыптастырып, қызметкерлер қатарын көбейту жоспарда бар.

ТАЛАБЫ ТАУДАЙ КӘСІПОРЫН

Сондай-ақ жартылай фабрикалар өндіретін «Тау-дай бол» кәсіпорны жұмысымен таныстық. Иесі Жаннұр Момыш 5 млн теңге грантқа шұжық өндіруге қажетті құрал-жабдықтар сатып алған. Бүгінде экологиялық таза өнім түрлерін өндірумен айналысуда.

– Біз жартылай фабрикақтың 28 түрін, шұжықтың 6 түрін және ет өнімдерінің 11

түрін шығарамыз. «Тау-дай бол» деп аталатын өз дүкеніміз бар. Өнім түрлерін басқа да дүкендерге өткізіп, тұрғындарды қамтамасыз етіп келеміз. Қажетті шикізат түрлерін екі фермерлік шаруашылықтан сатып аламыз. Орталық бізге ет және сүт өнімдерін жеткізеді. Қазір цехта төрт адам, дүкенде екі адам тұрақты жұмыс істейді. Алда тағы екі адамды жұмыспен қамту жоспарда бар. Қазір күніне 40 келіге дейін өнім өндіреміз, 50 келіге ұлғайтуды жоспарлап отырмыз, – дейді Жаннұр Момыш.



Жалпы, шағын және орта бизнестен бюджетке 73,7 млрд теңге салық аударымдары түскен. Мемлекеттік гранттардан басқа кешенді бағдарлама шеңберінде шағын және орта кәсіпкерліктің кредиттік портфелі 34 млрд теңгені құрап, бұл сомаға 1 038 жоба субсидияланды, 621 жобаға кепілдік берілді.

Аружан ЕРАЛЫ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 185 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 22) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына және «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аталған мемлекеттік мекемесінің құрамына қабылданды.

2. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №231 қаулысына мынадай өзгерістер енгізіледі:

көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекіту туралы»;

көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қоса берілген «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2025 жылдың 5 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Н. Нәлібаев
«Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10» желтоқсандағы № 185 қаулысымен бекітілген	
«Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі	
1. Жалпы ережелер	

1. «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, азаматтық қорғау, аумақтық қорғаныс, азаматтарды әскери қызметке шақыру және терроризмге қарсы іс-қимыл салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, соңдай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрбағандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастарды тарапы болуға құқылы.

7. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын құрылымдық бөлімшелерінің ішкі санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, № 125 Үй.

10. Осы Ереже Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының құрылтай құрағы болып табылады.

11. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы кәсіпкерлік субъектілерімен басқару функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсету тыйым салынады.

Егер Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың ұйымдардан олардың лауазымды адамдарынан жәккеті аппарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

2-тарау. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері: жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, азаматтық қорғау, аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету, аумақтарды желелі жабықтау және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жүргізу, азаматтарды әскери қызметке шақыру, оның ішінде арнаулы мемлекеттік, құрлық қорғау органдарымен, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерімен бірлесіп және қамтамасыз ететін құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау, терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіру және де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да міндеттер.

14. Өкілеттіктері: 1) құқықтар: а) қүзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау; б) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың ұйымдардан олардың лауазымды адамдарынан жәккеті аппарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

2) міндеттері: заңды және негізделген шешімдер қабылдау; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың өтінгілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарау; жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру;

3) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасына жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін жәккеті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Функциялар: 1) Қызылорда облысында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, Қызылорда облысының аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

4) Қызылорда облысы шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезіндегі және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кезеңін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезіндегі және соғыс уақытында Қызылорда облысы шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақтылы құлақтандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік органдарға беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі бөліміне өзінше басқаруындағы облыстың коммуналдық меншігін қорғаныс мұқтаждарына береді;

6) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезіндегі және соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың мүдделеріне сай міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы экономикасының іркістіз жұмыс істеуін және халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қызылорда облысы шегінде арнаулы құралымдарды құруды және олардың қызметін қамтамасыз етуді үйлестіреді;

7) Қызылорда облысының жұмылдыру жоспарын әзірлеуді, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органдармен келісуді және бекітуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ, Қызылорда облысы шегінде жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шараларды өткізеді;

8) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезіндегі және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге шарттарды (келісімшарттарды) жасасуды үйлестіреді;

9) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға береді;

10) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

11) мемлекеттік органдармен бірлесіп отыратын жұмылдыру жоспарларын орындауға экономиканы дамылау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

12) аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келіседі;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін көздейді;

14) жұмылдыру жарияланған кездегі іс-қимылдар тәртібі туралы халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді;

15) қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері болған жағдайда оларды оқшаулау, адамдардың өмірін құтқару, олардың денсаулығын, құқықтары мен мүдделерін қорғау, меншіктерді құзету, қоғамдық тәртіпті ұстап тұру жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша, қолда бар құштерді, құралдар мен ресурстарды тарта отырып, жәккеті көмек көрсетеді;

16) азаматтық қорғаныс басқармасы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын басқару пункттерінің құрамына кіреді;

17) бекітілген бюджеттік мақсаттарға сәйкес азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

18) өз қүзыреті шегінде азаматтық қорғаудың аумақтық кіші жүйесіне басшылық етеді;

19) азаматтық қорғаныс мүлкінің көлемдерін айқындау және оларды жинақтау, сақтау, жанарту және әзірлікте ұстап тұру жөнінде жәккеті шаралар қолданады;

20) құлақтандыру мен хабар берудің техникалық құралдарын орналастыруды ұйымдастырады;

21) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға жергілікті атқарушы органдардың төтенше резервінен қаражат бөлуді ұйымдастырады;

22) қосалқы (қалың, қала сырғындағы), көмекші және жылжымалы басқару пункттерінің құрамына кіреді;

23) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеуге, аумақты Қазақстан Республикасының қорғаныс мүдделерінде желелі жабықтау іс-шараларын орындауға қатысады және коммуникацияларды қорғаныс мақсатында дайындауды қамтамасыз етеді;

24) халықты және аумақты қорғанысқа даярлауға қатысады;

25) азаматтарды әскери қызметке даярлауды, олардың әскери қызметке, әскери жиналуда шақырылуын және жұмылдыру бойынша шақырылуын ұйымдастырады;

26) әскери міндеттерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

27) азаматтық және аумақтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға қатысады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

28) Қызылорда облысының аумақтық қорғаныс жоспарын әзірлеуді және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша бекітуді қамтамасыз етеді;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының қорғаныс кеңесін құруды қамтамасыз етеді;

30) облыстың әскери басқару органдарын жабықталған әскерге шақыру (жиын) пункттерімен, оларды күтіп-ұстауды, дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен, орте қарсы, медициналық және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ қорғаныс және күзет құралымен қамтамасыз етеді;

31) соғыс жағдайы кезіндегі Қызылорда облысының аумағында Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары аумақтық бөлімшелерінің және ұйымдарының соғыс жағдайы шараларын орындауын қамтамасыз етеді;

32) терроризмге қарсы комиссиясы арқылы облыстың аумағында терроризм профилактикасы, сондай-ақ, терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

33) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасына, сондай-ақ, облыс аумағында олардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады;

34) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерін, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының объектілерін, сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-3-бабында көрсетілген құзғелетін объектілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен келісу бойынша облыстың аумағында орналасқан, террористі тұрғыдан осал объектілерді тізбесін әзірлейді және бекітуді және объектілердің меншік иелерін, иеленушілерін, басшыларын немесе өзге де лауазымды адамдарын осы объектілерді тізбеге енгізілгені туралы хабарлар етуді қамтамасыз етеді;

35) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының бірінші басшысының мөртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазым-нотасына бекітіледі.

18. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орындары (орынбасарлары) болады.

19. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері: 1) өз өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысы әкіміне және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз қүзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз қүзыретіне жататын Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның қүзыретіне жататын Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бірінші тарау қол қояды;

7) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы атынан сенімхатты әрекет етеді;

8) өз қүзыреті шеңберінде шарттар жасасалды;

9) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының атынан сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сотта Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының мүдесін білдіреді, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

13) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) Қызылорда облысының әкімі және облыс әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

15) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) қүзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

17) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

18) азаматтарды және қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын басқару пункттерінің құрамына кіреді;

20. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының мүлкі

21. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының заңнамада көзделген жағдайларда желелі басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінше қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасына қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі табылады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының өзін бекітілген мүлкі және қаржыларды жоспары бойынша өзінше боліген қаражат есебінше сатып алынған мүлкікті өз бетімен иеліктен шығару немесе оған өзгедей тәсілімен білік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қ

ЖЕҢІС – 80

ҚАРТ ЖАУЫНГЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ



Екінің бірі жүзге жетіп жатқан жоқ, оған қоса өткен ғасырдағы ең алапат соғыстың от-жалының ортасында кеудесін оққа тосып аман оралған соғыс солдаттарының аудандағы соңғы тұяғы ғой деп, Тәуелсіздік күні қарсаңында Тілеуберген Тобабергенов ағамызға сәлем беріп әрі ғасыр жасаған қарияның қолын алып қайтқанды жөн көрдім.

– Әкеміздің ең негізгі науқасы – ол күн өткен сайын қалжыратып келе жатқан қарттық, – дейді бар жағдайын жасап отырған қызы Марал Дүзбай. – Өйтпесе денсаулығы, өзге мұқтаждықтары қалыпты десе болар еді. Азанда тұрғызамын, қан қысымын өлшеймін. «Ас – адамның арқауы» деген ғой, тамағын беремін. Күлдайға шүкір, төбетінде мін жоқ. Әкеміз қандай тамақты ұнатады, қаншалықты, қай кезде жейді, оны ұзақ жылдық тәжірибеде жеке аспазы сияқты менгеріп болғанмын. Дәл сол сияқты тәуліктің қай кезінде демалғысы келеді, тұрғысы келеді, сыртқа таза ауаға шыққысы келеді, денсаулығын аздап сыр берсе қандай ем қолдану керек – мұны да арасын үзбей денсаулығын тексеріп, ем-дом жасап жні келіп тұратын «Болат жолы» емханасының менгерушісі Сейілхан Артықбаевтың, дәрігерлерінің ақыл-кеңесіне сүйеніп, жеке дәрігері сияқты үйіненіп алғанмын. Аллаға тәуба, әкеміздің арқасында бұл шаңыраққа талай жақсы мен жайсанның табаны тиіп, дом-тұзdas болып жатырмыз. Кәріліктің емі болмайтыны рас, әйтсе де аудандағы соғыстың соңғы куәсі – әкеміздің 101-ші қаңтарың, кең көлемде атап өтілетін Жеміс мерекесін Алла қуат беріп аман қарсы алуына тілектеспіз, – дейді ол.

Адамзат баласына алапат қатер төндірген соғыс өртінің өшкеніне 80 жылға жуықтаса да, жері мен намысын жауға тапталпаған жеңімпаз аға ұрпақтың ерлігі естен кете қоймас. Соғыс ардагерлерінің балалық жастық өмірдеректері көп жағдайда ұқсас болып келуі қалыпты жағдай. Өйткені олардың басым көпшілігі енді ғана орнап есін жия бастаған кеңестік жүйе тұсында

өмірге келді, жеті жұттың бірі – ашаршылық азабын жан-тәнімен сезінді, отбасы мүшелерін репрессия ойраны шарпымаған шаңырақ та кемде-кем шығар. Аталған аласапырнан арылып болмай жатып кеуделерін оққа тосқан жанкешті жауынгерлердің бір бөлігі қыршын қалпында қан майданда жанын хаққа тапсырса, енді бір бөлігі жаралы жаны мен тәнін сүйретіп елге оралғанымен бейбіт заманның берекесін көру бұйырмай өмірден ерте өтті. Ал Қазалы уезіндегі Жамбыл қолхозының 2-ауылдық кеңесінде 1924 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген Тілеуберген Тобабергеновтің тағдырына Жаратушы нем ғасырдан да ұзақ ғұмыр нәсіп етіпті. Кеңестің қолхоз жұмысында болған ата-анасынан өрбіген 4 ағайындының үлкені Тілеуберген еді. Жастайынан бейнетке бейімделіп, шындалып өскен жігерлі жасөспірім жеті-жылдық білім алды. Одан соң болашағын бағамдауға да мұршасын келтірмеген кермек тағдыры алды-артына қаратпай соғыс соқпағына салды да жіберді.

Бүгінгі күні қайсысына қай жердің топырағы бұйырғаны, кейінгі тағдырларының қалай қалыптасқаны белгісіз Қазалы ауданынан жиналған 370 бозбаланы 1942 жылдың 1 қаңтарында эшелонға тиіп Өзбекстанның Шыршық қаласына жеткізгенде, Тілеуберген он сегізге енді аяқ басқан еді. Сол жерде он күн соғысқа бергізгі әскери ойын ойналды.

Батысқа жол тартқан әскери эшелон Смоленск түбіне жеткенде, қысқа күнді қаңтар айы да аяқталып қалған. Вагондардан жерге секіріп түсіп жатқан, әлі он-солсын ажыратып та үлгермеген жас жігіттерді жан-жағына қарауға мұршаларын келтірмей қысқа-

нұсқа әмірлі дауыс пен сарт-сұрт еткен жіті қимылды кіші командирлер талапайлап бөліп әкетті. Тілеуберген артиллерияға түсіп, аз уақыт ішінде жетпіс алты миллиметрлік соғыс қаруын менгеріп шықты. Маршал Жуков басқаратын Беларусь майданының 28-армиясына қарасты 34-артиллерия дивизионы сапындағы жорық жолында Смоленскіні, Минскіні жаудан тазартуға қатысты.

1943 жылдың соңында ауыр жаракат алып, Тбилисидегі госпитальда тоғыз ай он күн жатты. Бұл кезде елдегі ата-анасына қара қағаз да жіберіліп қойыпты. Дәм-тұзы таусылмаған екен. 1944 жылдың тамызында өз армиясына қосылып әуелі автоматшы, содан кейін барлаушы болып соғысты жалғастырды.

Кенигсберг, Румыния, Чехословакия, Польшаны азат етуге қатысты. Одер өзенінен өтуге бағытталған жиырма күндік қанды қырғыннан да аман шықты. 1945 жылдың 9 мамырын Берлинде қарсы алды. «Отан соғысы» орденімен, Кенигсбертті, Берлинді азат еткені үшін, Германияны жеңген үшін медальдарымен марапатталды.

Елге келіп отбасын құрды, 1948 жылы әскерлендірілген күзет бөліміне жұмысқа тұрды. 1964 жылы Қазалыдағы ПМК-86 мекемесіне ауысып, сол жерден зейнетке шықты.

Уақыт соғыс жаңғырығын алыстатқан сайын, ел мен жерді қорғау жолында қан төгіп жанын берген, аман келген жеңімпаз жауынгерлерді ұлықтай жүру, ұмытпай жүру де ұрпақ үшін олардың алдындағы парыз бен қарыздың қайтарымы десек артық болмас.

Әлімжан ҚИЯС. Әйтеке би кенті

МАҚТАН ҮШІН АС БЕРУ – АСТАМШЫЛЫҚ

Күрделенген мәселеге байланысты облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген отырысы өтіп, жаназасыз және еске алу астарында берілетін ас мәзірі бекітілгенін газетіміздің алдыңғы бір нөмірінде жазғанбыз. Ас мәзірі жеті түрлі тамақпен шектелген: 1. Тамақ (ет немесе палау); 2. Нан өнімдері (бауырсақ, шеп-пек); 3. Қаймақ; 4. Жент, майсөк; 5. Шай; 6. Қант, көмпит, құрма; 7. Су, шұбат.

Облыс мәшіттерінің жанындағы асханалар осы тәртіпке көшті. Қызылорда қаласына қарасты Тасбоғет кентіндегі Құддыс ишан мәшітінің асханасына хабарласқанымызда, бейсенбілік бірінші рет жана ас мәзірі үлгісінде өтетінін жеткізді. Дастарқанға одан артығын қоюға рұқсат жоқ.

Даракылық пен даңғазалық белең алған тұста мұның тиімді жағы көп. Халықтан ендігі керегі – тәртіпке бағынып, көрмесіне қарай көсуі. Ел ағалары бастап, имамдар қоспаған бастамаға қатысты пікірлер де сан алуан. Солардың ішінен іріктеп, марқұмды жерлеу, құдайы астың айналасындағы өзге де мәселелер туралы ойларын оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Турғанбай Маханов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, денсаулық сақтау саласының ардагері:

Астын кепіреті болады, обалы ұрады

Ас беру шарт емес. Құранда ол міндеттелмеген. Менің жасымдағылар қосыны біледі, соғыстан кейінгі жылдары ас беретін үйде дастарқанға бауырсақ пен құрт, қантын шашып жіберетін. Көңіл айтуға барғандар содан ауыз тиіп қана шығатын. Қазіргімен салыстыра алмай-ақсыз, айырмашылығы аспан мен жерде. Бұл ас берілмесін деген сөз емес. Шектеу қоюдағы мақсат – той дастарқаны мен ас дастарқанының аражігін ажырату, ысырапқа жол бермеу. Халық осы екеуін шатастырып алды. Қанша айтылып, жазылып жүрсе де облыста оған құлақ асатын адам табылмай тұр. Жетісу, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе облыстарында, тағы бірақтар өңірде ас мәзірі табиғи таза тағам түрлерімен ғана қамтылған. Облыстық ардагерлер кеңесі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдігі бас болып Қызылордада енді қозғау болып жатыр. Бай болсын, келдей болсын, бәріміз тәртіпке бағынуымыз қажет.

Қоғамның бай, келдейге бөлінуі баяғыдан бар. 1803 жылы берілген Сырмен Датұлының асында 2,5 мың қой, 200 жылқы сойылып таратылған. Мың саба қымыз болып, 5 мың шелек қымыз ішілген. Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып, шекті Көтбар батырдың өзі келген. Паң Нұрмағамбет те елдің есінде әкесі Сағиғайға ас беруімен қалғанын білесіз. Ғалымдардың айтуынша, 1886 жылы әкесі Сағиғайға ас бергенде 500 киз үй тігіліп, оған 500 бұқар кілемі ілінді. 5 тонна шай әкелініп, жаңа ылдас-аяқтар Ташкент пен Қазан қалаларынан алынды. 20 мың қой, 1000 жылқы сойылған. Құлагердің мерт болатыны сол кез.

Осы күні дастарқанның үстінен бос орын таппайсыз. Соңында бірен-саран адам алғаны болмаса, қаншасы рәсуа болып қалады. Ата-бабаларымыз «астың кепіреті болады, обалы ұрады» деп ысырапшылдықтан сақтанған. Ендігі жерде асхана егелері халықтан ас мәзірінде көрсетілген азық түрлерін ғана талап етуі керек. Осы арада мәселе ұзақ кете ме деп қорқамын. Бұл өзі – уақыт алатын процесс. Бүгін немесе ертең қалыңпа түсе қояды деу қиын. Өйткені тамыры тереңге кеткен.

1-бет.

Менің есебім былай. Облыста 850 мың халық тұрады. Соның үштен бірі – жастар десек, олардың құдайы астан хабары жоқ деуге болады. 500 мыңдай адамның кем дегенде 100 мыңы бастамаға қарсы болса, қалған 400 мыңы қолдайды. Жастар қолдаушы тарапқа қосылады, ал бұл – «көш жүре түзеледі» деген сөз.

Даңғойлықтың керегі жоқ. Ағайын-туыстың ас-тойында осы туралы бір-екі рет айтқанымызмен елеген ешкім болмады. Мұндай шектеудің байларға керегі жоқ шығар. Бірақ күнін зорға көріп жүрген адамдар да бар екенін естен шығармауға тиіспіз. Қазақтың психологиясы солай, ешкімнен қалмау керек. Несие алса да асын өткізу керек. Еврейлер жақыны бақилық болғанда үш күнге дейін тамақ пісірмейді екен. Түріктер де, әзербайжандар да солай. Бізде өкінішке қарай олай болмай тұр. Көңіл айта барған үйдің бір түкпірінде мәйіт жатады, бір жағында тірлердің самаурын ұстап, қызмет жасап жүгіріп жүргені. Ондай жерде қалай жайланып отырып шай ішіп, тамақ жеуге болады?! Өзім атап өткен елдерде қайтқан кісіні алты сағатқа жеткізбей жерлейді. Бізде алыстан ұлықсы, бауырының келгенін күтеді. Бірақ одан марқұм тіріліп кетпейді ғой. Ковид пандемиясы кезінде кісіні көп ұстамай жер қойнына тапсырғанын көрдік. Марқұм инфекция жұқтырған болуы мүмкін, кідіртпей деп жүргенде ол ауру көзіне айналуы ғажап емес.



Қалқазбек Әжібеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қаржы саласының ардагері:

Көңіл айтып келгендер тез тарап кетті

Аста-төк қылмай ас беру тәжірибесі еліміздің біршама өңірінде қолданылып келеді. Мысалы, Түркістан облысында тұратын жездем қайтыс болғанда көңіл айтып келген ауыл тұрғындары кідірмей тарап кетті. Сырттан келген кісілерге ағайын-туыстары, көрші-көлем өз үйлерінде ас-ауқат дайындап, дастарқан жайды. Бір танымын басқа облыста тұратын әйелінің шешесі қайтқанда барыпты. Ас өтетін орында ас мәзірі жеті түрлі тамақпен шектеліпті. Одан асыруға әкімшісі рұқсат етпейті. Келесі асхана иелері де тура солай шығарып салған. Сөйтсе ауыл әкімдігі мен имамның келісімі негізінде темірдей тәртіп орнаған екен. Ігі бастаманың облыста қолға алынғаны құтталарлық. Имамдар, аудан, ауыл әкімдері мен ақсақалдар бар – бәріміз оған атсалысуға тиіспіз.



Тауржан Сайфназаров, Жүніс би мәшітінің имамы:

Ауылымызда ысырапшылдық біршама тыйылды

Мәйіттің тірі адамдағы ақысы төртеу-ақ: жұтып, кепілеп, жаназасын оқып, жерлеу. Шариятта оны үш күн ұстау деген жоқ.

Қазір, Аллаға шүкір, тоқшылық заман. Сондықтан біз тұратын Жаңақор-

ған ауданы Түгіскен ауылының тұрғындарын құр шашылғанына сауапты іс жасауға шақырып жүрміз. Мысалы, көпір, жол жөндеуге, мешіттің жоғын түгендеуге, жоқ-жітіктің отын-суын әперуге атсалысып жүрген азаматтар бар. Жіні насихаттағанымыздың пайдасы сол, жаназа кезіндегі ысырапшылдық біршама тыйылды. Той-томалақта шашылуда да осылай тоқтам жасасак деген ниетіміз бар.

Бұл мәселені бір ізге түсіруді 10-15 жыл бұрын бастағанбыз. Ауылда 5 мыңға жуық адам тұрады. Рубасылар, ақсақалдар бастамамызды қолдап, ауыл әкімінің келісімімен тұрғындар арасында қонақасын тоқтатуды, шығынын азайтуды үгіттедік. Әрине, оңай болған жоқ. «Ешкімнің шаруасы болмасын, өзім білем» дегендер ара-тұра кездесті.

Табыт – бай мен келдейі теңестіретін нәрсе. Қазалы үйде метр-метр маға, жыртқыс таратып, қонақасыда құр шашылу дұрыс емес. Онысыз да өзі әбріңіз жатқан үйге ет жақындарынан басқасы бейсенбілік сайын барып, әбдігерге салуды қажеті жоқ. Тағы бір мәселе, жаназада сөз сөйлеп, құдайы аста марқұмның өмір жолынан сұй шертетін бейнероликтер көрсетіп, оны жиналысқа айналдырмауымыз керек.



Саекең Алдәшәев, дәстүртанушы:

Астың айналасындағы түсініспеушілік неден?

Біз ас беру кезіндегі ысырапшылдықты кісі дүниеден өткенін бір жылдан кейін табақ-табақ ет тартып, ат жарыстырып, көкірап тартқызытын жылдық аспен шатастырмауымыз керек. Ас берудің өз хикметтері бар. Оның біріншісі – ағайынды жақындастыру, туыстық қарым-қатынасты арттыру. Екіншісі – Құранды сауатты адамға оқыту және көп адамның қол жайып, дұға тілеуі. Алла тағала мұндай «құлдарымын сұрағанын бермеуден ұяламын» деген екен. Алланың алдында әресі мен ауызашардағы сияқты қонақасының да қайтарымы сұралмайды. Өйткені ол дүниеден өткен адамның атынан беріледі. Қарызданып ас берудің бір-ақ себебі бар, ол – біздің даракылығымыз. Егер оны мақтан үшін жасаса, сауабы болмайды.

Қазақта «көрші хақысы» деген бар. Кісісі қайтқан үйдің қазанын итағытың қасына апарып төңкеріп қояды. Осы үйге көршілері тамақ жеткізіп беретін болған. Кейбір өңірде «топырақ жалама» деген ырым бар. Қазалы отбасы мүшелеріне аштан талықсып құламау үшін нанға май жағып ұстатады. Қайғыдан қан жұтып отырғанда оны қайта жесін?! Сол кезде «сен жүрек жалғамасаң, марқұм жер қойнына тапсырғанға дейін топырақ жалайды» деп, мұның сауабы тиетініне сендірген. Сауап дейтін ештенесі жоқ, қазақтың қайғыдан көңілі түсіп отырған ашқұрсақ адамды қуаттандыру үшін тапқан амалы.

Біз жұртымыздың неден шыққанына да үніле бермейміз. Жақынынан айырылған адам өз-өзін ұстай алмай, жын ұрғандай орнынан кайта-қайта тұрып, жан-жағына кедергі келтіргенде қасындағылар оны киімінен тартып отырғызады. Сосын киім жырталады. Соны жамап алысы деген оймен адамдарға жыртқыс таратады екен. Ал киім тарату ырымы Алла алдында кімнің хақысын беруден шыққан. Екінші біреу оны тозғанына киюі керек. Бұл дүкеннен жаңасын сатып алып тарату деген сөз емес. Астың айналасындағы түсініспеушілік ырым, дәстүрлердің түбіне терең үңілмейтінімізден.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



«Қайсар» Түркияға дайындыққа аттанды

Қызылордалық команда жаңа маусымға дайындығын пысықтау үшін Түркияға аттанды. Жиынға шақырту алған футболшылардың басым бөлігі – жергілікті ойыншылар.

Олардың құрамы төмендегідей: Қақпашылар – Степан Сикач, Нұрмыжан Салайдін, Нұрмат Сарсенов, Айқын Ажихан;

Қорғаушылар – Абылайхан Төлегенов, Әділет Кенесбек, Қуаныш Қалмұратов, Иован Пайович, Руслан Юденков, Ринат Ақберген, Темірлан Мұрзағалиев, Азамат Серікбаев;

Жартылай қорғаушылар – Думан Нәзілбаев, Дидар Жалмұқан, Мағжан Бауыржан, Бекзат Құрманбекұлы, Нұрдаулет Өмірбек, Мақсат Әбжамин, Дінмұхаммед Рүстемұлы, Василий Совпель, Саят Бақтыбай, Горан Милойко;

Шабуылшылар – Өркен Махан, Ерсултан Төрекул, Марлен Айманов, Айбар Жақсылықов, Шохназар Норбеков, Елжас Алтынбеков, Нұрдаулет Ағзамбаев.

Олардың қатарына қазақстандық жартылай қорғаушы Айбол Өбікен қосылды. Дайындық барысында команданың 4 жолдастық кездесуі жоспарланған. Қызылордалық ұжым 14 қаңтарда «Пагонь Щещин» (Польша), 18 қаңтарда «Арқадаг» (Түркіменстан) клубтарымен кездесе, 22 қаңтарда «Будучность» (Македония), 27 қаңтарда «Земплин» (Словакия) командаларымен шеберлік байқасады.

«СБ» ақпарат